



BAITURSYNULY  
UNIVERSITY

ТҰРАҚТЫ  
САТЫП АЛУ

# САЯСАТЫ

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨҢІРЛІК  
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

# ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Университет өзінің сатып алу қызметінде тұрақты даму мақсаттары үшін корпоративті әлеуметтік, этикалық және экологиялық жауапкершілік қағидаттарын ұстанады.

Сатып алу:

1. Өртүрлі қызмет салалары арасында ресурстарды әділ және тең бөлуді ілгерілету.
2. Сапалы өнімдерге деген сұранысты қанағаттандыру үшін қойманың оңтайлы сыйымдылығын қамтамасыз ете отырып, қорларды басқару.
3. Уақытында жеткізілмеу, нақты жеткізушілерге тәуелділік және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту.
4. Сұраныстың өзгеруіне жедел жауап беруге және университет қызметін халықаралық және ұлттық стандарттар мен талаптарға сәйкес реттеуге мүмкіндік береді.

## ТҰРАҚТЫ САТЫП АЛУ СТРАТЕГИЯСЫ

Университеттің тұрақты сатып алуы баға мен сапа арақатынасын оңтайландыруға бағытталған жоспарлы тәсілге негізделген. Негізгі назар қажеттіліктерді жүйелі түрде қанағаттандыруға бағытталған, бірақ күтпеген жағдайлар туындаған жағдайда жоспарларға жедел түзетулер енгізу қарастырылған.

## ТҰРАҚТЫ САТЫП АЛУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Тұрақты сатып алудың мақсаты - университетті қажетті көлемдегі тауарлармен, жұмыстармен және қызметтермен оңтайлы сапа деңгейінде уақтылы қамтамасыз ету үшін қаржы ресурстарын тиімді пайдалану, әділдік және тәуекелдердің алдын алу қағидаттарын ұстану.

Міндеттері:

- университеттің жоғары сапалы материалдық-техникалық инфрақұрылымын үздіксіз қамтамасыз ету және жаңарту,
- басым бағыттарды дамыту және әлеуметтік маңызды жобаларды қолдау,
- білім беру процесінің жұмыс істеуі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

## ТҰРАҚТЫ САТЫП АЛУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Тұрақты сатып алу келесі тәсілдерге негізделген:

- табиғи ресурстарды ұтымды және жауапты пайдалану, қауіпсіз және экологиялық таза өнімдер мен материалдарды пайдалану, халықаралық және ұлттық экологиялық стандарттарды сақтау және қоршаған ортаға зиянды әсерді азайту;
- қазақстандық тауарлар мен қызметтер өндірушілерін қолдау және аймақтық өндірушілермен ұзақ мерзімді ынтымақтастық пен серіктестікті дамыту.

## САТЫП АЛУ ҚЫЗМЕТІН РЕТТЕУШІЛІК НЕГІЗ

Бұл саясат Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережелерін бекіту туралы»

бұйрығы, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын ғылыми зерттеулер мен ғылыми жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу ережелері» және Университеттің ішкі нормативтік құжаттары негізінде әзірленді.

## **ТҰРАҚТЫ САТЫП АЛУ ӘДІСТЕРІ**

---

1. Баға ұсыныстарын сұрау. Бұл әдіс тауарлар мен қызметтерді ең қысқа мерзімде, қажетті техникалық сипаттамаларға сәйкес, ең төменгі бағамен сатып алуға мүмкіндік береді, осылайша компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

2. Конкурс - бұл біліктілікті, біліктілік рейтингтерін, жұмыс тәжірибесін және мерзімдерді ескере отырып, күрделірек критерийлер бойынша тауарлар мен қызметтерді сатып алу әдісі.

3. Аукцион - бұл баға шешуші фактор болып табылатын, сонымен бірге сапа үшін қажетті қосымша техникалық сипаттамаларға сәйкес келетін тауарларды сатып алу әдісі.

## **ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

---

Тұрақты сатып алу:

- қажетті тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу кезінде шешім қабылдауда ашықтықты, мөлдірлікті, қолжетімділікті және объективтілікті қамтамасыз етеді;
- қала мен аймақтағы шағын және орта бизнестің дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін арттырады;
- материалдық қамтамасыз етудің үздіксіз процесін, инновациялық тәсілдерді енгізуді және Университеттің инфрақұрылымы мен пайдалану қауіпсіздігін жаңғыртуды қолдайды; позволяют распределять и эффективно использовать финансовые ресурсы;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарын ынталандыру, зерттеу орталықтары мен зертханаларын дамыту,
- Университет пен бизнес арасындағы өзара әрекеттесу арқылы қосымша ресурстарды тартуға мүмкіндік беру.